

ӘОЖ 316.4

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖАДЫ САЯСАТЫ

Тлеспаева Алмаш, Алдабек Жансая

zhansaya_0725@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтану кафедрасы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Әр елдің ерекшелігі мен өзіндік таңбасы – тарих. Ол ешқашан өзінің өзектілігін жоғалтпайды, себебі қазіргі іс-әрекетіміз – ертеңгі тарих. Ол жылдар бойы жиналған көптеген процестерді және оның салдарын түсінуге мүмкіндік беретін тәжірибені ұсынады. Тарихты қалыптастыру тек белгілі бір оқиға туралы өз еліндегі мәліметтерге сүйеніп қана жазылмайды. Мысалы, Қазақстан тарихын дүниежүзілік, Еуразия контингентінде, көшпелілер өркениетінде, түркі халықтарының және Орталық Азия елдері тарихында жазылған мәліметтермен салыстыра отырып және сол елдермен бірлікте болу мәселесін қарастыру арқылы жүзеге асады [1].

Тарих - билік пен саясаткерлердің белгілі бір шешімін заңдастырудың маңызды ресурсы. Билік ішкі және сыртқы саясатта әртүрлі мәселелерге қатысты шешімдер мен көзқарасты негіздеу үшін тарихи оқиғаларға, дәлірек айтсақ, жады кеңістігінде пайда болған аңыздарға сілтеме жасайды. Кейде билік мақсатына жетуі үшін тарихтың тар контекстін қолданады. Тарихтан бас тартуға болмайды және бүгінгі саясат өткен оқиғалармен байланысты [2].

Заманауи әлем формасы бойынша да, әлеуметтік динамикасы бойынша да мобилді екені анық. Әлеуметтік өзгерістерге ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – жады саясаты. Жады саясаты мәселелері – бүгінде ең танымал зерттеу және талдау нысандарының бірі. Оның екі негізгі себебі бар: біріншіден, жаһандық трансформация үшін символдық кеңістіктің маңызы, яғни ол – жады саясатының бір бөлігі; екіншіден, әлеуметтік кеңістікті өзгертудің ең күшті факторларының бірі – жады саясаты. Жады саясаты ішкі және сыртқы саяси күресте тарихты символдық ресурс ретінде пайдалану жағдайында ерекше байқалады[2].

Жады саясатын қалыптастыруды іс-жүзінде жүзеге асырудың көптеген бағыттары бар. Мысалы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың көптеген мақалалары мен бағдарламалары жүзеге асырылды, мысалы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Мәдени мұра» және т.с.с. Сонымен қатар, БАҚ, деректі және көрнекті фильмдер, публицистика, оқулықтар арқылы да жады саясатының қай бағытта жүргізіліп жатқанын саралауға болады. Мақалада жады саясатын практика жүзінде іске асырудың негізгі бағыттарының бірі Қазақстан тарихы оқулықтарын талдау нәтижелерін ұсынамыз.

Тарих оқулығында жазылатын мәліметтер тек бір елдің жазылған деректеріне сүйеніп қана жазылмайды. Ол бірнеше мемлекетте көрсетілген мәліметтермен салыстырылып жазылады. Сонымен қатар оқулық тек бір адамға ғана емес ұжымға арналып жазылады, яғни жады саясаты ұжымдық санаға ықпал ете отырып, әлеуметтік жадыны конструкт ретінде қалыптастырады. Әлеуметтік жады адамға қоғамның белгілі бір мүшесі екенін сезінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік жады мен тарих – ата-бабалардың болашақ ұрпаққа қалдырған мұрасы. Алайда, жалпы тарих туралы мәліметтер бір қауымдастық пен екінші қауымдастық арасында, тіпті бір қауымдастық ішіндегі әлеуметтік топтар арасында да ерекшеленеді. Тарих пен жады саяси күрестің кеңістігіне айналады.

XX ғасырдың 20-30 жылдары – КСРО құрамындағы халықтар үшін саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени трансформациялардың орын алған уақыты. Индустрияландыру, отырықшыландыру және ұжымдастырудың салдары өте ауыр болды. Ол ашаршылықтың пайда болуына, экономиканың нашарлауына және т.б. проблемаларға алып келді. Сондықтан «Қазақстан тарихы оқулықтарында осы институттың өзгерістердің оқушыға ұсыну сипаты қандай? Ақпарат теріс не оң мағынада ұсынылады ма әлде нейтралды қалыпта тек статистикалық мәліметтер берледі ме?», - деген сұрақтарға жауап іздедік.

Оқулықтарды талдау мен ақпаратты ұсыну ерекшеліктерін анықтау үшін бірнеше тарихи оқиға алынды. Олар: ашаршылық, индустрияландыру, ауыл шаруашылығы, ұжымдастыру, мал шаруашылығы және т.б. Зерттеу үшін 2000-2022 жылдар аралығындағы оқулықтар талданды. 9-11 сыныптарға арналған барлығы 17 оқулық талданды. Оның ішінде 8 орыс тілінде және 9 қазақ тілінде (1-кесте).

1-кесте

| Кітап | Тіл | Жыл | Сын | Баспа |
|-----------------------------|-----------|----------|-----|-------------|
| История Казахстана | Ор ыс | 200 0 | 9 | Әділет |
| Қазақстан тарихы | Қаз ақ | 200 5 | 9 | Мектеп |
| История Казахстана | Ор ыс | 200 5 | 9 | Мектеп |
| Қазақстан тарихы | Қаз ақ | 200 5 | 9 | Атамұр а |
| Новейшая история Казахстана | Ор ыс | 200 5 | 9 | Атамұр а |
| Қазақстан тарихы | Қаз ақ | 200 7 | 11 | Мектеп |

| | | | | | |
|---|-----------------------------------|--------|------|------|----------|
| | Қазақстанның қазіргі заман тарихы | Қаз ақ | 2009 | 9 | Атамұр а |
| | Қазақстан тарихы | Қаз ақ | 2013 | 9 | Мектеп |
| | Қазақстан тарихы | Қаз ақ | 2013 | 9 | Атамұр а |
| 0 | История Казахстана | Ор ыс | 2013 | 9 | Атамұр а |
| 1 | История Казахстана | Ор ыс | 2014 | 10 | Мектеп |
| 2 | История Казахстана | Ор ыс | 2015 | 11 | Мектеп |
| 3 | Қазақстан тарихы | Қаз ақ | 2015 | 11 | Мектеп |
| 4 | Қазақстан тарихы | Қаз ақ | 2019 | 9(8) | Атамұр а |
| 5 | История Казахстана | Ор ыс | 2019 | 9(8) | Атамұр а |
| 6 | Қазақстан тарихы | Қаз ақ | 2019 | 8-9 | Мектеп |
| 7 | История Казахстана | Ор ыс | 2019 | 8-9 | Мектеп |

Оқулықтарды талдау барысында Манаш Қабашұлы Қозыбаев, Бүркітбай Аяған Ғелманұлы, Мендығаным Джамалбековна Шаймерденова, Тотай Тұрлығұл Тәжіұлы және т.б. авторлар жиі кездеседі. Қозыбаев мектеп баспасымен жиі жұмыс жасаған. Әр ғалым өз қызығушылығына байланысты белгілі бір бағытты ұстанып отырды. Мысалы М.Қозыбаевтың кітаптарында теріс көзқарастар салыстырмалы түрде жиі ездесті. Ал Қозыбаевпен салыстырмалы А.Бүркітбайдың қатысуымен жазылған оқулықтарда нейтралды көзқарастар басым.

Мәліметтердің ең көп бөлігі индустрияландыру және ұжымдастыру тақырыптарына тиесілі. Индустрияландыру бойынша негізгі бағыт нейтралды. Екінші орында теріс мағынадағы мәліметтер жиі кездесті. Индустрияландыру туралы оң көзқарастар аз. Бірақ 2000 - 2013 жылғы оқулықтарда ғана кездеседі. 2014 жылдан бастап ешбір кітап баспасы индустрияландыру туралы оң көзқарас жазбаған. Бірақ 2019 жылмен салыстырмалы түрде 2000 - 2015 жылдар аралығында индустрияландыру туралы теріс мәліметтер жиі айтылған. Ал 2019 жылы жарық көрген оқулықтарда мәліметтер көбіне нейтралды бағытты ұстанады.

Келесі ұжымдастыру мәселесі туралы жалпы жиі жазылған мәліметтер теріс бағытта кездеседі. Оң бағытта тек 2009 жылғы жарық көрген оқулықта кездеседі. Сонымен қатар нейтралды мәліметтерде жиі кездесті. Жылдар немесе баспа бойынша аса қатты айырмашылық байқалмады.

Ең қызығы ХХ ғасырдың 20 - 30 жылдары болған саяси жағдайдардың салдары ретінде ашаршылық туралы мәліметтер аз келтірілген. Оқулықтарда тек қанша адам аштықтан қырылғаны туралы ғана айтуы мүмкін, ал ол ненің салдарынан болғаны туралы білім беру саласында толық ашып айтпауын көруге болады. Тек санаулы оқулықтар ол отырықшыландыру салдарынан деп көрсетеді. Сонымен қатар 2015 жылға дейінгі оқулықтарда бұл мәселе аса қатты қозғалмайды. Ал 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі оқулықтарда бұл тақырып ашық жазылған. Сонымен қатар ашаршылық туралы ешбір кітапта оң көзқарас кездеспейді. Жиі кездескен мәліметтер – статистикалық деректер.

Жалпы білім беру саласындағы оқулықтарда жиі кездесетін көзқарас жоғарыда атап өткендей нейтралды. Бірақ таңдалған тарихи жағдайдарда тек нейтралды мағына кездесті деп

айтуға болмайды. Теріс мағынада мәліметтер нейтралды мәліметтерден басым кездескен тақырып – тәркілеу. Тәркілеу туралы көбіне ең қатал формада болды деп көрсетеді. Сонымен қатар тек байларды ғана емес, орта тап өкілдері де тәркілеуге ұшырағаны жазылған. Сонымен қатар тәркілеу туралы мәліметтер соңғы жылдары толық әрі жан жақты жазылып жатыр деп айтуға болады.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өзгерістердің мектеп оқулықтарында ұсынылуына талдау жасауға талпыныс – «біз жазбаған тарихты» қайта ұдайы өндірудегі тенденцияның бағытын анықтаудың бір бөлігі ғана.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Тарихты зерттеудің 10 негізгі себебі, [Электронды жазба]. URL:[Тарих не үшін қажет? Оны зерттеудің 10 себебі - Ғылым - 2022 \(warbletoncouncil.org\)](https://warbletoncouncil.org), 2022.

2) Гигаури Давид Ираклиевич, Политика памяти в практике социального конструирования политической идентичности, [Электронды жазба]. URL:https://www.gramota.net/articles/issn_1997-292X_2015_10-1_13.pdf